**Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс кезеңінде логопед маманның психологпен бірлескен жұмысының жоспары**

**(2021-2022 оқу жылы)**

**Логопед –мұғалім : Идирисова Г.С**

Scanned with CamScanner

**2021-2022 оқу жылы**

| № | Жұмыстың тақырыбы | уақыты | Жұмыстың түрлері , мақсаты | Жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|
| **Диагностикалық бағыт** | | | | |
| 1 | 1 класс оқушыларын зерттеу, зерделеу жұмыстары | Қыркүйек айы | Логопед маманның 1 класс оқушыларын зерттеуі, психолог – педагогтың 1 класты зерделеу жұмыстары | Логопед Идирисова Г психолог |
| 2 | ПМПК шешімімен келген оқушылардың қорытындысымен танысу | Қыркүйек айы | Мектеп дәрігерінен ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың құжаттарымен танысу, оқушылардың ерекшеліктерін есепке ала отырып жеке оқу бағдарламаларын құру | Логопед, психолог, әлеуметтік педагог, мектеп дәрігері |
| 3 | Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау | Қазан айы | Психологиялық-педагогикалық қолдаудың бағдарламасын құру,бекіту, оқушылардың әлеуметтік жағдайымен танысу. | Логопед, психолог, әлеуметтік педагог |
| **Түзету бағыты** | | | | |
| 4 | Аралық педагогикалық консилиум отырысы | Қазан айы | Үлгермеушілік сипаты , оқудың олқылықтарын толтыру барысында анықталған оқушыларды отрыста талқылау, бақылау жүргізу, мұғалімдерге кеңес өткізу. | Логопед, психолог, класс жетекшілері |
| 5 | «Ата –ана, бала , маман» кеңес беру, әңгімелесу | Қараша айы | Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу ,сынып жетекшісінен сауалнамалар алу,оқушының тұрмыстық жағдайын бақылау | Логопед, психолог, әлеуметтік педагог |
| 6 | «Бақытты бала- болашағы жарқын бала» ойын-тренинг | Қараша айы | Анализаторларды (көру, есту, тактильді қабылдау, кинестетикалық сезім) дамыту, оқушылардың қызығушылығын, шығармашылықтарын арттыру, оқушының әлеуметтік – психологиялық ахуалын көтеру | Логопед, психолог, әлеуметтік педагог |
| 7 | Мектепішілік консилиум отырысы | Желтоқсан айы | 1 ,5 кластардың оқу әрекетіне бейімделуі, оқу мотивациясын анықтау,сөйлеу тілі кемшіліктері анықталған 1 класс оқушыларымен жұмыс,5 кластардағы оқу , жазу бұзылыстарымен жұмыс түрлерін консилиум барысында талқылау | Психолог, логопед |
| 8 | «Кел, Төрлет ,Жаңа жыл»» танымдық ойын-тренинг | Желтоқсан айы | Білім алушылардың қызығушылығын, шығармашылықтарын арттыру | Логопед, психолог |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыс түрлері | Қаңтар айы | Мұғалімдерге кеңес, оқушылардың сабақтарына қатысым жасау, мінездемелер жинақтау | Логопед, психолог |
| 9 | «Қысқы қызықты ойындар» танымдық ойын сайысы | Ақпан айы | Оқушылардың қызығушылығын, шығармашылықтарын арттыру, (анализаторларды (көру, есту, тактильді қабылдау, кинестетикалық сезімдерін дамыту) сайыстарға қатыстыру | Логопед, психолог |
| **Аналитикалық бағыт** | | | | |
| 10 | «Наурыз нақыштары. Гүл жасау» шығармашылықпен жұмыс | Наурыз айы | Оқушылардың ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру, шығармашылықтарын дамыту, достық қарым-қатынастарын нығайту.Жыл бойғы оқу үлгерімі, сабаққа қатысымы, сабақ кезіндегі мінез құлқын бақылау | Логопед, психолог |
| 11 | ЕБҚЕ білім алушыларды жыл бойы қорытындылау. «Балалық шақтың бұлтсыз аспаны» оқушылардың жетістіктерін марапаттау. | Сәуір, мамыр айы | Өткізілген жұмыстың жағымды және теріс жақтарын анықтау; баланың даму динамикасын бақылау, жыл бойы өткен тақырыптарын меңгергенін анықтау , келесі оқу жылына болжалды жоспар тағайындау. | Логопед, психолог, әлеуметтік педагог |

Орындаған логопед –мұғалім : Идирисова Г.С

Scanned with CamScanner

«Ата-ана, бала, маман» тақырыбындағы кеңестің өткізілу барысы туралы

## АНЫҚТАМАСЫ

**Өткізілу түрі** ; Тренинг, кеңес беру

**Тақырыбы:** «Ата-ана, бала, маман»

Мақсат; ата-анамен мектептің  байланысын арттыру, балаға деген сүйіспеншілік қатынасты нығайту.

Өткізілген уақыты: қараша айы, 2021-2022 оқу жылы.

**Мамандардың психологиялық тренингі**

Педагог-психолог Қосмағанбетова Б;  Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, сіздерге мен қазір психологиялық тренингтер өткіземін,  белсене қатысып отырайық!«Мен кіммін?»  ойын-тренингі, танысу мақсатында өткізіледі.

«Балаңызды көзінен таныңыз!» (оқушының көзін фотоға түсіріп ата-ана өзінің баласын танып білуі керек.

Мақсаты;  ата-анамен баланың арасындағы байланысты нығайту.

Психолог Назарова М; «Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі атқарар рөлі зор. Отбасы тәрбиесін табысты жүзеге асыру балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Сондықтан да қазіргі уақытта отбасы тәрбиесін тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілігін арттыру қажет.

Логопед Идирисова Г; «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халқымыздың қасиетті сөзінен отбасының бала тәрбиесіндегі орны ерекше екенін көруге болады. Отбасынан бастау алған бала тәрбиесі, балабақша, одан мектеп тәрбиесіне ұласады. Баланың сәби кезіндегі аса жауапты тіршілік әрекеттері, отырып- тұрудан бастап, тамақ ішу, тазалық сақтау, бір- біріне қайырымдылық жасау, тіл үйрену, айналаны танып-білу және оқып-зерттеу мектептегі тәлім-тәрбиеден бастау алатыны даусыз. Дегенмен осы заманғы балабақша, мектеп тәрбиесі бұрын- соңды болмаған отбасы қолдауын қажет етеді. Сондықтан бала тәрбиесін дұрыс жолға қою үшін мұғалім мен ата-аналар барлық уақытта да өзара ынымақтастықта болуы керек, бала тілінің дұрыс шығып қалыптасуы үшін де ата-ананың рөлі өте зор, ерекше баланың ата-анасына артылар жүк те әрине оңай емес , ата-ана , мектеп, маман бірлесе жұмыс жасағанда баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына барлық мүмкіндіктер ашылары сөзсіз» Танымдық ойын «Нейрожаттығулар» , «Сыңарын тап!» ойыны (мақсаты ата-ананың көңіл күй ахуалын көтеру, балаға деген сүйіспеншілік сезімін, қамқорлық сезімін арттыру.

Scanned with CamScanner

Әлеуметтік педагог: «Отбасының әлеуметтік институт тәрізді, интеллектуалды толыққанды, құлықты және дені сау жас ұрпақты қалыптастырушы орта екені сөзсіз. Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс – шараларға, ата – аналарға және сынып жиналыстарына ата – аналарды тартудың қажеттілігі ол: балаларда іс – әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады; балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады. Әрбір отбасының мықты жақтары болады , әр адам жақсы ата – ана болғысы келеді, барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады. Мектепішілік ата – аналар жиналысы, ата – аналармен жеке кездесу, ата – аналар үшін ашық есік күні, ата – аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру, мерекелік кештерге шақыру, ата – аналарды психологиялық тренинг – ойындарға қатыстыру, отбасылық жарыстарға қатыстыру  деген бұл оқушының өмірге деген көзқарасын, тұлға ретінде өзін толыққанды сезінуіне апарады, сондықтан да  ата-ана мектеппен үнемі байланыс отыруы қажет.

«Менің армандарым» армандар картасын құрастыру

**Қорытынды:** Педагог-психолог Назарова М; «Қорыта айтқанда отбасында барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады.Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық-баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады»

Scanned with CamScanner

«Келісемін»
№30 қазақ орта мектебінің
Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
__________М.М.Мукатова

# «Бақытты бала-болашағы жарқын бала»
## (ойын-тренинг)

Өткізгендер: Қ.А.Оразова, Г.С.Идирисова

2021-2022 оқу жылы

Scanned with CamScanner

# «Бақытты бала-болашағы жарқын бала»

(ойын-тренинг)

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып,шығармашылық қабілетін дамытады,ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес»
В.А.Сухомлинский

**Мерзімі:**қараша айы
**Мақсаты:**ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды әлеуметтендіру, танымдық әрекеттерін дамыту, әлеуметтік өмірге бейімдеу,оқушылармен қарым-қатынасын нығайту.
**Тренинг барысы:**

**Танысу.**Оқушылар өз есімдерін атап, бойында бар қасиеттерін айтады.Мысалы:Айнұр-ақылды.
Топқа бөлу . Топ аттары анықталады.

**1. «Тыңда және орында»** Мақсаты: есту, моторлы есті дамыту. Жаттығудың жүргізілуі: бірнеше әрекеттерді атап, бірақ оларды көрсетпейді. Бір екі рет қайталауға болады. Балалар бұл әрекеттерді ретімен қимыл арқылы көрсетеді.

**2.«Сиқырлы дыбыстар» ойыны.**
Мақсаты: ойлауды, берілген дыбыспен сөзді атау іскерлігін дамыту. Барысы: Мұғалім балаларға сиқырлы дыбыстармен ойын ойнауды ұсынады: - «Ш,Ж, С» дыбысына басталатын сөздерді атаңдар. - «Р» дыбысы бар көкөніс, жеміс-жидектерді (жүгері, алмұрт, қарақат), «Л» дыбысы бар заттарды (үстел, гүл, қаламсап) атаңдар.

**3.«Көпіршіктер»**
Тыныс жаттығулары.
Стакандардағы көпіршіктерге толтыру. Қай топ тезірек толтырады, сол топтың ойыншылары ұтады.

**4. «Кесек қар» қозғалыс ойыны.**
Ақ бет қағаз алып оны ұзынынан екіге бөлу және оны умаждап алдында тұрған шелекке дәл лақтырып, көздеп салу.Қай топ көбірек салады , сол топ ұтады.

**5.«Мен қапшыққа не салдым?» дидактикалық ойыны.**

Бұл ойынды балалармен жол жүру кезінде ойнауға болады. Ересек бала ойынды бастайды да, «Мен қапшыққа алма салдым» дейді. Келесі ойыншы «Мен қапшыққа алма салдым» деген сөзді қаталайды және әрбір сөз қосылады: «Мен қапшыққа алма және өрік салдым». 3-ойыншы барлық сөйлемді қайт

Scanned with CamScanner

бір сөз қосады. «Мен қапшыққа алма, өрік, қант салдым». Ойын осылай жалғасады. Көбірек жол жүрген топ ұтады.

**6. «Не жетіспейді?» ойыны**

Мақсаты: «Не жетіспейді?» ойынының мағынасын түсіндіру. Сөйлеу қабілетін дамыту. Заттың мағынасын жетілдіре меңгерту.

Құрал-жабдықтар: әр түрлі суреттер, түрлі-түсті қарындаш.

Түсіндіру:

-Балалар, біз сендермен сиқырлы сөйлейтін тауға да келіп жеттік. Тау бізге мынадай тапсырма берді, біз оны орындасақ, сөйлейтін тау да бізге жол көрсетеді екен. «Не жетіспейді?» деген тапсырманы дұрыстап ойланып өз орнына рет-ретімен қоя білу қажет.

Талқылау.

**7.«Жунглидағы жаңбыр»**ойыны

-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз) .

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)

Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)

Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).

Тағы да нөсер жауын жауды.

Ұсақ жаңбыр сіркіреді.

Дауыл соқты.

Жел соқты.

Жел басылып келеді.

**Қорытынды:** ЕББҚЕ оқушыларды оқыту кезінде ойын тәсілдер көбірек қолданылса,балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз етіледі. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

**Марапаттау:** Ойын соңында оқушыларды әлеуметтік педагог Туретова Д.Т марапаттайды.

Scanned with CamScanner

Келісемін;
директордың бастауыш кластар
жөніндегі орынбасары
Сейтқамалова Г.З

# Тақырыбы: «Қысқы қызықты ойындар»



Өткізгендер:
мектеп логопеді Идирисова Г.
мектеп психологі Орақова Қ

Scanned with CamScanner

# Қысқы ойындар

Сайыстың мақсаты:
* Білімділік: Балалардың білімін, қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін айтуға, дұрыс баяндауға баулу.
*Дамытушылық: Балалардың шапшаңдық, ептілік қабілеттерін шыңдау, дүниетанымын кеңейту
*Тәрбиелік: Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға, сезінуге тәрбиелеу, достық қарым қатынастарын нығайту.
Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақтар, таза ауадағы қысқы ойындар
Көрнекіліктер: тақырыпқа байланысты ойындар, шана, дөңгелектер, кедергілер

Пәнаралық байланыс: Тіл дамыту, сауат ашу, дүниетану, дене шынықтыру.
Топтық жарыстың барысы:
I Ұйымдастыру
- Сәлеметсіздерме, балалар! Бүгін біздің ойынымыз, күнделікті сабақтан ерекше болмақ. Біздің жарысымыз дала , таза ауада өтпек, сондықтан да қауіпсіздік ережесін қатаң сақтаймыз.
- Балалар, мына сұрақтарға жауап беріңідерші!
-1 жылда неше жыл мезгілі бар? (4 мезгіл)
-I-тоқсан қай мезгілде басталады? (қыс)
-Қыс мезгілі несімен ерекше? (қысқы ойындар, таза ауа, қар...
Ендеше сайысымызды бастаймыз. (Оқушыларды сайыстың ережелерімен таныстыру, қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауға дайындау)

Жұмбақтар шешу
Айнала қандай?Қандай қар?
Шаңғы, коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсын?
Қыс мезгілі балақай!!!
1. Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қардан туатын,
Тауып көрші сен оны. (Аққала)
2. Қыста ғана болады,
Ұстасаң, қолың тоңады. (қар)
3. Ағайынды бес туыс,
Жамылатын тоны бір.
Бесеуінде бес қуыс,
Сырттан кірер жолы бір. (Қолғап)
4. Қайқы тұмсық қос табан,
Қос таяқпен ұштаған.
Итерсең алға зулайды,
Шойын жолдан аумайды. (Шаңғы)
5. Жаздай тынығады
Қыста зымырайды. (Шана)
-Жарайсыңдар, балалар.
Біз енді қыс әлеміне енеміз де, қыс мезгілімен жақынырақ танысатын боламыз.

Ойын ұйымдастырушы:Қыстың күндері қандай суық болса да, балалар ешқашанда үйлерінде отырмайды.Қыстың қызығын тамашалайды. Қарлы таудан шанамен, шаңғымен

Scanned with CamScanner

сырғанайды.Сырғанаққа барып, коньки тебеді, хоккей ойнайды. Қардан қаркала, аққала жасап, қызықты, көңілді ойнайды

***1-тапсырма.***

Кедергілерден өтіп , карды түсірмей жүгіру

***2-тапсырма.***

Доңгелек шеңбермен , топ басшысы , топ ойыншыларын жинайды. Бірінші келген, тобы жинақталған оқушы тобы ұтып алады.

***3-тапсырма.***

Қар лақтыру ойыны. Қарды лақтырып нысанаға тигізу.

**4-*тапсырма.*** Шанамен топ басшысы бастап, кедергілерден өтіп , топ мүшелереін жинайды.

**5-*тапсырма.*** Аққала жасау жарысы. Ең сәнді аққаланы тез жасаған топ алға шығады. Жарысқа қатысушы оқушылардың қолдаушы топтарындағы оқушылар тақпақтар айтады

**Аяз**

Мұз қатыра аласың,
Сен сурет те саласың.
Бәрі мұның жақсы ғой,
Неге тентек боласың?!
Баламысың кішкене,
Сен тентектік істеме!
Сүйсең мейлі, сүйе бер,
Бетімізден тістеме!

**Қыс келерде**

Айналаға қараңыз,
Аппақ бопты даламыз.
Жүр, сырғанақ тебейік,
Қайда екен шанамыз?!
Қар жауып тұр себелеп,
Бейне ұшқан көбелек.
Көл тезірек қатса екен,
Мұзда коньки тебер ек.

**Алғашқы қар**

Айнала қараймын алақтап,
Теректер,
Қайыңдар,
Дала аппақ.
Үйлердің төбесі,
Жолдар мен қырлардың,
Шыңдардың бәрі аппақ.
Көзімді аша алмай қалғаным,
Аппақ-ау, аппақ бұл жан-жағым.
Карашы,
Тонғасын бәрінің
Ақ қарға оранып алғанын!

**Қыс суреті**

Жомарт аспан елеп ұн,
Жерге шашты кебегін.

Scanned with CamScanner

## Аяз

Мұз қатыра аласың,
Сен сурет те саласың.
Бәрі мұның жақсы ғой,
Неге тентек боласың?!
Баламысың кішкене,
Сен тентектік істеме!
Сүйсең мейлі, сүйе бер,
Бетімізден тістеме!

## Қыс келерде

Айналаға қараңыз,
Аппақ бопты даламыз.
Жүр, сырғанақ тебейік,
Қайда екен шанамыз?!
Қар жауып тұр себелеп,
Бейне ұшқан көбелек.
Көл тезірек қатса екен,
Мұзда коньки тебер ек.

## Алғашқы қар

Айнала қараймын алақтап,
Теректер,
Қайыңдар,
Дала аппақ.
Үйлердің төбесі,
Жолдар мен қырлардың,
Шыңдардың бәрі аппақ.
Көзімді аша алмай қалғаным,
Аппақ-ау, аппақ бұл жан-жағым.
Карашы,
Тонғасын бәрінің
Ақ қарға оранып алғанын!

## Қыс суреті

Жомарт аспан елеп ұн,
Жерге шашты кебегін.
Аппақ мына ұлпаның
Күшін байқап келемін.
Тал майысып шалқайды,
Қурай жерге жантайды.
Терек шашы ағарып,
Бір-ақ күнде қартайды!

## Қыс

Өзен, көл — мұз,
Дала — қар,
Суық еді қыс неткен?!
Тоңып қапты балалар
Аязға бет тістеткен.
Шаңғы теуіп барады,
Қалай-қалай самғайды.
Міне, мұндай баланы
Аяз тістей алмайды.
Сүйреп бірі шананы,
Жүгіруден танбайды.
Міне, мұндай баланы
Аяз тістей алмайды.

Scanned with CamScanner

Аппақ мына ұлпаның
Күшін байқап келемін.
Тал майысып шалқайды,
Қурай жерге жантайды.
Терек шашы ағарып,
Бір-ақ күнде қартайды!

## Қыс

Өзен, көл — мұз,
Дала — қар,
Суық еді қыс неткен?!
Тоңып қапты балалар
Аязға бет тістеткен.
Шаңғы теуіп барады,
Қалай-қалай самғайды.
Міне, мұндай баланы
Аяз тістей алмайды.
Сүйреп бірі шананы,
Жүгіруден танбайды.
Міне, мұндай баланы
Аяз тістей алмайды.

-Жарайсыңдар, балалар бүгін сендер қысқы ойынға жақсы қатыстыңдар.
Сайысқа қатысқан топтарды марапаттау.

Scanned with CamScanner

# ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР






Scanned with CamScanner

Келісемін;

директордың бастауыш кластар

жөніндегі орынбасары

Сейтқамалова Г.З

# Тақырыбы: «Наурыз нақыштары. Гүл жасау»



Өткізгендер: мектеп логопеді Идирисова Г.

мектеп психологі Орақова Қ

Scanned with CamScanner

## Наурыз нақыштары . Гүл жасау.

**Мақсат ы:**
Оқушыларды танымдылық қызметін арттыру,
Гүл жасап үйрену, яғни кез - келген затты қолдану арқылы гүл шоғып жасап оны сәндеу, әдемілеп табиғи затқа ұқсастыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

**Психологиялық тренинг . Материалды түсіндіру кезеңі:**

Гүлдерде қаншама әдемілік пен поэзия жатыр. Гүлге қуанбайтын жан жоқ. Әрбір гүл өзінше әдемі. Қандай оқиға болмасын адаммен бірге гүл жүреді.
Гүлді әрбір отбасылық мерекеде және басқадай күндерде, жаңа жылда, Халықаралық әйелдер күніне, тағы да басқа уақытта гүл сыйлайды. Көктем нақышыол наурыз гүлдері.
Міне біз сол табиғи затты өз қолымызбен жасап көрейік, яғни гүл жасап үйренейік.
Гүл жасауға керекті құрал жабдықтарымызды реттеп алайық.

**Адасқан құралдар**

Қалам ---------- біріктіреді
Қайшы -------------- өшіреді
Өшіргіш ----------- өлшейді
Желім -------------- жазады
Сызғыш -------------- қияды

**Сабаққа керекті заттарымыз.**

1. түрлі түсті қағаз
2. қайшы
3. кемпір ауыз
4. Ағаштың сынығы
5. жапырақ
6 қатты қағазы.

Бірінші біз гүлді жасамас бұрын техника қауіпсіздігін сақтап алуымыз, керек қайшыны дұрыс ұстау, бір бірімізге кедергі жасамау үшін ара – қашықтықты сақтау.
1) Қолымызға кесіп дайындап келген қағазды айналдырып орап шығамыз. Ораған кезде өте қатты тартпай, және өте бос қылып ораймыз яғни бір қалыпты етіп ораймыз. Жіп тегіс болып оралу керек. Қолымыздағы қағаз біткенше толық қабаттап орап шығамыз..
2) Енді гүлдің қауызын жасау үшін қағаздарды мөлшеріне сай кесіп шығамыз, кескенде дөңгелетіп, дөңес қылып біркелкі етіп кесуміз керек гүліміз әдемі болу үшін. Кесіп болған соң дайындаған сабаққа бекітеміз. Осылайша біздің гүліміз дайын болды.
Сергіту сәті:
Бекіту кезеңі: Жаңа сабақты бекіту барысында оқушылардан гүлді не үшін керек екенін, және де гүлді ерекшеліктерін айту. Екі топ гүл туралы білетін өлең, тақпақтарын айту және де мақал - мәтел айту.Соңында шығармашылық жұмысқа қатысқан оқушыларды бағалау.

Scanned with CamScanner








Scanned with CamScanner

# Мектеп логопеді Идирисова Гауһар Сұлтанбекқызының 2021-2022 оқу жылының І тоқсаны бойынша 1 -5 кластар бойынша мектеп консилиумына жасаған анықтамасы

Scanned with CamScanner

**Мектеп логопеді Идирисова Гауһар Сұлтанбекқызының 2021-2022 оқу жылының I тоқсаны бойынша 1 -5 кластар бойынша мектеп консилиумына жасаған анықтамасы**

2021-2021 оқу жылының қыркүйек айының 2-нен бастап бастауыш сыныптың оқушыларына логопедиялық тексеру жұмыстары жүргізілді; 1-сыныпқа келген оқушылардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, дыбыстарды айту жағдайларын тексеру мақсатында зерттеу жұмыстары қыркүйектің 2-16-сы аралығында 1 «а», 1 «б», 1 «ә», 1 «в», 1 «г» кластарына жүргізілді, сондай-ақ, 2-4 кластар аралығына жалпы сөйлеу тілін, оқу, жазу дағдысын тексеру , ауызша және жазбаша сөйлеуінде әр түрлі тілдік бұзылыстары бар оқушыларды анықтау барысындағы жұмыстар қыркүйектің 9-13 аралығында, класс жетекшілерімен сөйлесе отырып жүргізіліп, тексерілді.

Оқушылардың медициналық қорытындысымен танысу арқылы логопунктке қабылданған оқушылардың ата –аналарынан мектеп директорының атына өтініш алынды , оқушылардың сөйлеу тілі картасы толықтырылды, ата-аналарынан сауалнама алынды, оқушылардың анамнездері жинақталды, сөйлеу тілінің кемшіліктері бойынша оқушыларды топқа бөліп, сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесіне сай сабақтар топтар бойынша жүргізілді. Логопунктке жалпы 26 бала қабылданды, оның ішінде 1 класс оқушыларының саны- 14, мектеп алды даярлық тобынан 1 оқушы Ермек М.

## 2021-2022 оқу жылы I жартыжылдықта логопунктке баратын оқушылар тізімі

| № | Аты-жөні | Қабылданған уақыты | класы | Сабақ түрі | Логопедиялық қорытындысы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ермек Мансур | Қыркүйек | 0ә | топтық | ЖСБ |
| 2. | Жетес Нұргиса | Қыркүйек | 1а | топтық | ЖДБ |
| 3. | Тілеубаев Нурислам | Қыркүйек | 1а | топтық | ЖДБ |
| 4. | Айтбай Ғазиз | Қыркүйек | 1ә | топтық | ЖДБ |
| 5. | Сәукен Дәулет | Қыркүйек | 1ә | топтық | ЖДБ |
| 6. | Жангелді Мансур | Қыркүйек | 1б | топтық | ЖДБ |
| 7. | Қолғанат Ади | Қыркүйек | 1б | топтық | ЖДБ |
| 8. | Марат Аяжан | Қыркүйек | 1б | топтық | ЖДБ |
| 9. | Тілеген Дәулет | Қыркүйек | 1б | топтық | ЖДБ |
| 10. | Тұралы Ермек | Қыркүйек | 1б | топтық | ЖДБ |
| 11. | Мурзатаев Бөлек | Қыркүйек | 1в | топтық | ЖДБ |
| 12. | Тастанбек Ришат | Қыркүйек | 1в | топтық | ЖДБ |
| 13. | Атағұлов Тілеухан | Қыркүйек | 1в | топтық | ЖДБ |
| 14. | Жалғасбек Санжар | Қыркүйек | 1г | топтық | ЖДБ |
| 15. | Таймұханова Данайым | Қыркүйек | 1г | топтық | ЖДБ |
| 16. | Урынбай Сұлтан | Қыркүйек | 2ә | топтық | ЖДБ |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17. | Жанайұлы Арафат | Қыркүйек | 2ә | топтық | ЖДБ |
| 18. | Арманова Джанан | Қыркүйек | 2ә | топтық | ЖДБ |
| 19. | Ақдәулет Куантқан | Қыркүйек | 2б | топтық | ЖСБ |
| 20. | Сәрсенғали Әли | Қыркүйек | 2б | топтық | ЖСБ,дисграфия |
| 21. | Ибрахимова Дина | Қыркүйек | 3г | жеке,топтық | ЖСБ (КИ) |
| 22. | Аманқос Мұстафа | Қыркүйек | 3в | топтық | ЖДБ |
| 23. | Мералиева Айсұлу | Қыркүйек | 3ә | жеке,топтық | ЖСБ (КИ) |
| 24. | Жалғасбек Еркеназ | Қыркүйек | 4в | топтық | ЖДБ ,дислексия |
| 25. | Сақыпов Қайрат | Қыркүйек | 5б | топтық | ЖДБ, дислексия |
| 26. | Темирбеков Бауыржан | Қыркүйек | 5в | топтық | ЖДБ, дислексия дисграфия |

(МАД-1, 1 «а» -3, 1 «б» -5, 1 «ә» -2, 1 «в» -3, 1 «г» -2, , 2 «б» -3, 2 «ә»-2, 3 «ә» -1,3 «в» -1, 3 «г» -1,4 «в» -1,5 «в»-1, 5 «б»-1 )

ПМПК қорытындысымен 1 оқушы МАД тобы

ЕБҚЕ оқушылар 3 класс оқушылары -2 оқушы

2021-2022 оқу жылының басқы екі айы бойынша тізімнен шыққаны 3 в класынан Аманқос Мұстафа (айтарлықтай жақсарумен), 5 «в» Темірбеков Б, (басқа мектепке ауысумен, (жақсы оқу жазуға қалыптасуымен)

Мектеп логопеді : Идирисова Г.С

Scanned with CamScanner

# ГРАМОТА

Бастауыш класс
оқушылары арасында өткізілген

## "ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫНДАР"

сайысында
II орынға ие болған

Ибрахимова Дина
_______________________________

марапатталады

Директордың бастауыш
кластар жөніндегі орынбасары Сейтқамалова Г.З



2022 ж, ақпан айы

Scanned with
CamScanner

# ГРАМОТА

Бастауыш класс

оқушылары арасында өткізілген

## "ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫНДАР"

сайысында

шапшаңдығы мен ептілігімен көзге түскен

Сәрсенғали Әли

марапатталады

Директордың бастауыш
кластар жөніндегі орынбасары

Сейтқамалова Г.З



2022 ж, қаңтар айы

# ГРАМОТА

**Бастауыш класс**
**оқушылары арасында өткізілген**

## "ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫНДАР"

**сайысында**
**II орынға ие болған**

Мерашева Айсулу

**марапатталады**

**Директордың бастауыш кластар жөніндегі орынбасары** Сейтқамалова Г.З



**2022 ж, ақпан айы**

Scanned with CamScanner

Образовательные программы повышения квалификации педагогических кадров

Лицензия Департамента образования г. Москвы на осуществление образовательной деятельности 77Л01 №0009344

Представитель Международной Академии Содружества Педагогов и Психологов Раннего Развития Республики Казахстан

www.sprr.net

# ДИПЛОМ
# II орын

Халықаралық Академия қауымдастығының

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына** орай ұйымдастырған **«Тәуелсіздік –мәңгілік елдің тұғыры»** атты

байқауға көркем сурет бағыты бойынша қатысып

ерекшеленгені үшін

***ИБРАХМИОВА ДИНА***

марапатталады.

**Мекеме атауы:** Ақтөбе қаласы, №30 ЖББ қазақ орта мектебі, 3-сынып

**Жетекшісі:** Идирисова Гауһар

**№001009**

***ХА ПЕДК президенті:*** ***Юткина О.Ю***

***ҚР ХА ПЕДК өкілі:*** ***Зейнуллина Ж.М***

***БҚО ХА ПЕДК өкілі:*** ***Койбагарова***

Scanned with CamScanner